КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 15 мамыр №4360-23-00-2/751 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Е.Елшібеков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ШЕРУБАЕВА» атауымен әрекет етуші Анар Курманалиевна Шерубаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы
3. Шартты бұзу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ШЕРУБАЕВА» атауымен әрекет етуші Анар Курманалиевна Шерубаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі мен жеке кәсіпкер «ШЕРУБАЕВА»

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

атауымен әрекет етуші Анар Курманалиевна Шерубаева арасында 2023 жылғы 7 наурызда жасалған №115 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт бұзылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ШЕРУБАЕВА» атауымен әрекет етуші Анар Курманалиевна Шерубаевадан мемлекет кірісіне 1 811 (бір мың сегіз жүз он бір) теңге тұрақсыздық айыбы және сот шығысы мемлекеттік баж сомасы 3 504 (үш мың бес жүз төрт) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 17.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 04.07.2023, судья Елшібеков Б. Е., 04.07.2023